



## Сараптамалық кеңес туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1.1 Ереже келесідей нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
2. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

1.2. Сараптамалық кеңес (бұдан әрі –СК) – инновациялық педагогикалық тәжірибеге сараптама жүргізу үшін мектепшілік оқу-әдістемелік кеңес отырысы жанынан құрылады.

1.3. **Инновациялық педагогикалық тәжірибе сараптамасы** – педагогтердің кәсіби қызметінің тиімділігін кешенді бағалау.

1.4. **СК отырысы** тоқсанына 1 рет өткізіледі, шешім хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға сараптамалық кеңестің төрайымы мен жауапты хатшысы қол қояды. СК шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. СК шешімі отырыста толық құрамның кемінде 60%-ы болған кезде жарамды деп есептеледі. Сараптамалық қорытындыны жауапты хатшы рәсімдеп, қол қояды және СК төрайымы бекітеді.

### 2. Сараптамалық кеңестің мақсаттары мен міндеттері

2.1. **СК-нің негізгі мақсаты** – педагогтердің кәсіби қызметі нәтижелерін, инновациялық және озық педагогикалық тәжірибелерін сапалы сараптау арқылы білім беру үдерісін жетілдіруге ықпал ету.

#### 2.2. СК-нің міндеттері:

- педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибесін сараптау;
- озық педагогикалық тәжірибені анықтау, талдау және жалпылау;
- ұсынылған материалдардың белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау;
- педагогтердің кәсіби дамуына әдістемелік қолдау көрсету;
- сараптама қорытындылары негізінде ұсынымдар әзірлеу.

### 3. Сараптамалық кеңестің қызметінің принциптері мен әдістері.

#### 3.1. Қызмет принциптері:

- объективтілік;
- жариялылық және ашықтық;
- алқалық;
- ұтқырлық және орындаушылық.

#### 3.2. Қолданылатын әдістер:

- сараптау;
- талдау;
- әңгімелесу, сұхбаттасу;
- жіктеу;
- салыстыру;
- жалпылау;
- үйлесімдеу;
- жүйелеу;
- пікір білдіру.

#### 3.3. Сараптама нысандары:

- педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибесінің материалдары;
- педагогтердің озық педагогикалық тәжірибесін жалпылау материалдары.

#### **4. Сараптамалық кеңестің құрамы және оны қалыптастыру тәртібі**

4.1. СК құрамы педагог-зерттеуші, педагог-шебер санатындағы педагогтерден құралады.

4.2. СК құрамына:

- төраға;
- жауапты хатшы;
- кеңес мүшелері (тәжірибелі педагогтер) кіреді.

4.3. Сараптамалық кеңес мүшелері педагогикалық өтілі, кәсіби беделі және әдістемелік тәжірибесі ескеріле отырып тағайындалады.

#### **5. Сараптамалық кеңес мүшелерінің міндеттері**

5.1. Төраға және төрағаның орынбасары СК қызметіне жалпы басшылық жасайды, отырыстарды ұйымдастырады және жүргізеді.

5.2. Жауапты хатшы СК отырыстарының құжаттамасын жүргізеді, материалдарды қабылдайды, сараптама нәтижелерін рәсімдейді.

5.3. СК мүшелері ұсынылған материалдармен танысып, олардың талаптарға сәйкестігі бойынша сараптамалық қорытынды дайындайды, пікір білдіреді және ұсынымдар береді.

#### **6. Сараптамалық кеңестің жұмыс тәртібі**

6.1. Материалдар сараптама кеңесінің отырысына дейін бір ай бұрын білім беру ұйымының бірінші басшысына өтініш қағаз түрінде қабылданады. Барлық парақтар нөмірленуі керек. Рәсімделуге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін материалдар тіркелмейді және кері қайтарылады. Пысықталуға қайтарылған жұмыстарды қайта қарауға ұсыну мерзімі 1 ай. Сараптамалық кеңесте пысықталынып қайта қаралған жұмыс 2-рет артық апелляцияға қабылданбайды.

6.2. Құжаттар тізімі мен талаптары:

6.2.1. білім беру ұйымынан қосымшаға сәйкес қызметтік хат жүктеледі.

6.2.2. қала деңгейінде қарастыру үшін жіберілетін жұмыстар сараптамалық кеңес шешімімен кеңес отырысының хаттамасынан үзінді жүктеледі.

Қала деңгейіне қарастыру үшін жіберілетін жұмыстар үшін білім беру ұйымы деңгейінде ұсынылғаны туралы мектепшілік оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасы жүктеледі.

6.2.3. ұсынылған жұмыстың тақырыбы бойынша жарияланымдардың тізімдері және дәлелдемесі қосымшаға сәйкес жүктеледі.

#### **7. Қорытынды ережелер**

7.1. Осы Ереже мектеп директорының бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

7.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар мектеп әкімшілігінің шешімімен енгізіледі.